

2025 жыл қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Жылу станциясының реттелетін қызметтер көрсету бойынша қызмет тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есеп

2026 жылғы 17 сәуірде 2025 жыл қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік смета мен инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және реттелетін қызметтер көрсету бойынша қызмет тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есеп бойынша тыңдаулар өткізілді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында тыңдаулар параллель түрде онлайн режимде, кәсіпорынның Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында <https://instagram.com/aksuzavod?igshid=veda0933kee0> сілтемесі арқылы өткізілетін болды.

Тыңдау өткізу туралы ақпарат «Aqjol» газетінің 20.03.2026 жылғы №12 (1877) санында жарияланған.

Жылу станциясы туралы жалпы мәліметтер

Жылу станциясы – қалаға және Ақсу ферроқорытпа зауытының өз қажеттіліктеріне жылу энергиясын өндіруді қамтамасыз ететін негізгі энергетикалық нысан.

Жылу станциясы келесі реттелетін қызметтерді көрсетеді:

→ жылу энергиясын өндіру және жабдықтау қызметтері (2025 жылғы 1 шілдеге дейін);

Жылу энергиясын өндіру қызметі

Жылу энергиясын өндіру:

- аудандық жылыту қазандығында (АЖҚ-2) жүзеге асырылады;

- АЖҚ-2 жылу қуаты 310 Гкал/сағ құрайды;

- Ақсу қаласына жылу беру Ақсу қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплосервис-Ақсу» КМК-мен баланстық тиесілік шекарасына дейін жүзеге асырылады;

- берілген жылу энергиясын есепке алу үшін СПТ-961 маркалы есептегіш құрылғы қолданылады, ол «Теплосервис-Ақсу» КМК балансында. Жылу энергиясын тасымалдауды «Теплосервис-Ақсу» КМК жүзеге асырады.

Жылу энергиясымен жабдықтау қызметін 01.07.2025 жылғы дейін Жылу станциясының жылу энергиясын тұтынушылармен жұмыс істеу бюросы (ЖЭТЖБ) жүзеге асырды, ол келесі жұмыстарды атқарды: шарттар жасау; есептеулер жүргізу; түбіртектер мен шот-фактуралар қалыптастыру; қаражаттың түсуін есепке алу; тұтынушылармен салыстыру актілерін қалыптастыру және қол қою; тұрғын үй субсидияларын есептеу үшін әлеуметтік қорғау қызметіне ақпарат беру және т.б.

2025 жыл қорытындысы бойынша көрсетілген реттелетін қызметтердің көлемі туралы ақпарат

Жылу энергиясын өндіру

Бекітілген тарифтік сметаға сәйкес 2025 жылға қызмет көлемі 288 мың Гкал құрайды, нақты 2025 жылы халыққа және үшінші тұлғаларға 371,6 мың Гкал жеткізілді.

Жылу энергиясымен жабдықтау

Бекітілген тарифтік сметаға сәйкес 2025 жылға қызмет көлемі 288,0 мың Гкал құрайды, нақты 2025 жылы (2025 жылғы 1 қаңтардан 30 маусымға дейін) халыққа және үшінші тұлғаларға 156,13 мың Гкал жеткізілді.

Реттелетін қызметтің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері туралы ақпарат 2025 жылға жылу энергиясын өндіру қызметіне тариф 4 039,22 теңге/Гкал мөлшерінде 29.05.2025 жылғы №44-НҚ ТМРҚД бұйрығымен бекітіліп, 01.07.2025 бастап қолданысқа енгізілді.

2025 жылы жылу энергиясын өндірудің нақты өзіндік құны 9 068,69 теңге/Гкал құрады.

Бекітілген тарифтік сметада 2025 жылға табыс 1 163 295,36 мың теңге көлемінде қарастырылған, нақты 2025 жылы алынған табыс 1 489 616,38 мың теңгені құрады.

2025 жылы үшінші тұлғаларға қызмет көрсету шығындары 3 370 501,25 мың теңгені құрады, бекітілген көрсеткіш 1 163 295,36 мың теңге болған. 2025 жылғы залал – 1 880 884,87 мың теңге.

2025 жылға жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне тариф 187,23 теңге/Гкал мөлшерінде 06.08.2024 жылғы №86-НҚ ТМРҚД бұйрығымен бекітіліп, 01.09.2024 бастап қолданысқа енгізілді. 2025 жылы халық пен заңды тұлғалар үшін жылу энергиясымен жабдықтаудың нақты өзіндік құны 236,91 теңге/Гкал құрады.

Бекітілген тарифтік сметада табыс 53 921,25 мың теңге көлемінде қарастырылған, нақты 2025 жылы 29 222 мың теңге алынған.

2025 жылғы шығындар 36 989,45 мың теңгені құрады, бекітілген көрсеткіш 53 921,25 мың теңге. 2025 жылғы залал 7 766,76 мың теңгені құрады.

Жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша инвестициялық бағдарламаның орындалуы

2021–2025 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша инвестициялық бағдарлама «Қазхром» ТҰК» АҚ үшін ТМРҚД-нің 27.11.2020 жылғы №141-НҚ бірлескен бұйрығымен және ҚР Энергетика министрлігінің 23.11.2020 жылғы №405 бұйрығымен бекітілген.

2025 жылға арналған инвестициялық бағдарлама шеңберінде келесі іс-шара көзделген: «АЖҚ-2-ден №6 пост арқылы Спорт кешеніне дейінгі магистральдық желілік су құбыры учаскесін ауыстыру» (түг. №03031226).

Бекітілген инвестициялық бағдарлама толық көлемде орындалды, жалпы ұзындығы 513 м құбыр ауыстырылды. Инвестиция көлемі 74,3 млн теңгені құрады, бұл бекітілген көрсеткіштен 16,5 млн теңгеге жоғары. Шығындардың өсуі материалдар құнының қымбаттауымен байланысты болды.

r/p №	Реттеліп көрсетілетін ұсымдар аяқталуы және нақты кәсіп туралы ақпарат						Инвестициялық бағдарламаның сомасы						Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты ақпараты мен көлемі туралы ақпарат, мың теңге						Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштері мен салып отыратын ұсымдар						Көрсеткіштің реттелуі және бағалануы	
	1	2	3	Таблиця көрсеткіштерінің саны		7	8	9	10	11	12	Минимум арқылы		14	15	16	Бюджеттің		18	19	20	21	22	23		24
				жылдар	факт							Амортизация	Пайыз				өткен жылға қарағанда	өткен жылға қарағанда								
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	
1	Жылу энергиясын өндіру бойынша қызметтер	АЖҚ-2-ден Спорт кешенінің №6 бөлігіне дейін желілік су құбырының ауыстыру жұмыстары	Н	513	513	2025	-1 880 884,87 мың теңге	57 868	74 334,23	16 466,23	Материалдардың құны арттыру	57 868	0	0	0	0	0	20	30	2,26	2,3	20	17	Көрсеткіштерге қол жеткізілді	Көрсеткіштің реттелуі және бағалануы	
	Жылы өндіретін қызметтердің көлемі	Гкал	280 000	371 663,47																						

2025 жыл қорытындысы бойынша жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы ақпарат

Жалпы шығындардың өсу себептері материалдар құнының, көмірге, электр энергиясына, техникалық тұзға бағаның ұлғаюуы, өрт-ауыз суға және техникалық суға шығындардың ұлғаюуы, технологиялық процесті қамтамасыз етуге арналған шығындар, күрделі жөндеуден кейін негізгі құралдарды енгізу, жөндеу жұмыстарының көлемінің ұлғаюуы, ағымдағы жөндеуге арналған материалдар құнының ұлғаюуы, медициналық қызметтер құнының, талондардың өсуі болды арнайы тамақтануға, объектілерді күзетуге, сақтандыруға және мүлік салығына нақты шығындардың өсуі, сондай ақ цехтардың қызметтеріне бекітілген тарифтік сметада көзделмеген жұмсалған шығындарға байланысты.

r/p №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген (Ақтөбе облысы бойынша ТМРҚД 29.05.2025 ж. №44-НҚ (бұйрығымен))	2025 жылғы фактілік сметадағы нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқулар, %	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7
I	Тауарлардың өндірісте және қызмет көрсетуге арналған шығындар, барлығы	мың теңге	2 234 646,08	4 770 835,78	113%	
1.	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде	мың теңге	1 421 120,92	1 734 579,32	22%	Өсім көмірдің, электр энергиясының, техникалық тұздың, сондай-ақ құралдардың, химиялық материалдардың және арнайы қимдердің қымбаттауымен байланысты
3	Еңбекке төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде	мың теңге	406 758,38	719 669,89	77%	ҚР-і еңбектік персоналдың өсуі 01.01.2025 жылдан бастап жалғары индекскеумен және нақты санын өсумен байланысты.
4	Бөгде ұйымдардың қызметтері, барлығы, оның ішінде	мың теңге	11 397,24	241 647,82	2020%	Өсім құнының өсуіне байланысты бап тексеру, бап құралдануы, емдеу, тамақтану, күзет қызметтері, сондай-ақ шығындар үй-жайларды жинау және дезинфекциялау бойынша бекітілген тарифтік сметада көзделмеген шығындар, коммуналдық қызметтер, қазіргі қалыптасты басқару қызметтері, қолдау қызметтері және т.б.
5	Амортизация	мың теңге	57 868,00	603 042,32	942%	Күрделі жөндеу және НҚ енгізу есебінен өсу
6	Негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін жөндеу	мың теңге	43 457,3	717 751,73	1552%	Күрделі жөндеу жұмыстарының саны және материалдардың құны арттыру
7	Басқа шығындар, барлығы, оның ішінде	мың теңге	8 918,70	294 255,14	3199%	Өсім өмірді сақтандыру, мүлік салығы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының ұлғаюуымен байланысты, сондай-ақ эмиссия, мүлкі сақтандыру және цехтардың қызметтері үшін төлем бойынша бекітілген тарифтік сметада көзделмеген шығындар жүргізілді
II	Кезең шығыстары, барлығы	мың теңге	19 037,52	120 091,50	531%	01.01.2025 бастап жалғары индекскеу және жылу станциясы филиалына АЖҚ-2 бөлігіннен кейін нақты санын ұлғайту
III	Барлық шығындар	мың теңге	2 253 683,60	4 890 927,28	117%	
IV	Тауар өніміне айнапқан шығындар	мың теңге	1 163 295,36	3 370 501,25	190%	
V	Қиыс (ЕБҚ-сыз)	мың теңге	-	-	-	
VI	Барлық кірістер	мың теңге	2 253 683,60	2 156 434,27	-4%	01.07.2025 жылдан бастап көтерілген тарифтің 2025 жылы небәрі 6 ай қолданыста болуына байланысты 4% төмендеу
	оның ішінде тауарлық өнімге	мың теңге	1 163 295,36	1 489 616,38	28%	
VII	Жылу энергиясын өндіру көлемі	Гкал	557 950,00	539 320,08	-3%	Ез қажеттіліктеріне жылу энергиясын тұтыну көлемін азайту есебінен
VIII	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	Гкал	288 000,00	371 663,47	29%	Ағымдағы жағдайда жылу станциясы энергия беруші ұйымға берілген шекарада өндірілген энергия көлемін сатады (шығынды шегермей), бұл дайын өнімді өткізу көрсеткішін арттырды
X	Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/Гкал	4 039,22	4 039,22	0%	
XI	Тауар өнімінен пайда (-залап)	мың теңге	-	-1 880 884,87	-	
I	Гкал жылу энергиясының құны	теңге/Гкал	4 039,22	9 068,69	125%	

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және қызмет тиімділігі бойынша 2025 жылғы қорытынды ақпарат

«Қазхром» ТҰК» АҚ үшін реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері және инвестициялық бағдарламаның тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу инвестициялық бағдарлама құрамында ҚР ЭМ 23.11.2020 ж. №405 және ТМРҚД 27.11.2020 ж. № 141 НҚ бірлескен бұйрығымен бекітілген.

Бекітілген көрсеткіштерге қол жеткізілді..

№ r/p	Сапа және сенімділік көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Есептік кезеңнің жылдың жарты жылдық фактісі	Жоспар (2025 жылға)	2025 жылға факт	Сенімділік пен сапа көрсеткіштерінің сақталуы бағалауы	Сенімділік пен сапа көрсеткіштерінің сақталуы бағалауы (ноғыздәмес)
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қазандықтан жылу қуаты	Гкал/сағат немесе МВт/сағат	240	240	240	орындалды	-
2	Орнатылған жалғуылық есептеу аспаптарының саны	дана	45	5	-	"Теплосервис Аксу" КМК берілді	-
3	Өндірістік негізгі құралдардың тозуы	%	20	15	4	орындалды	-
4	Апаттық (өтінім берген жылдың алдындағы жылға)	дана/1 километр	20	17	0	орындалды, апаттар жоқ	-
5	Апаттарды жою ұзақтығы (өтінім берген жылдың алдындағы жылға)	%	3,7	1,8	-	апаттар жоқ	-
6	Суараныс (жылу энергиясын қосымша пайдалы жіберу), (заттай бірліктермен немесе өтінім берген жылдың алдындағы жылға пайызбен)	мың Гкал	15,62	1,77	64	орындалды	-
7	Қосылу нүктелерінің саны	дана	1 419	760	-	"Теплосервис Аксу" КМК берілді	-
8	Қызмет бірлігіне жанармай шығындары	теңге/Гкал	2 762	1 357,3	2953,2	кәсіпорынан тәуелсіз баға факторының, сондай-ақ көрсеткіштің сақталуына қарай өзгеруі көрсеткіштің қызметтердің сенімділігі мен сапасының төмендеуіне әкел соқпады	көмір мен мазут, сондай-ақ тасымалдау құнының өсуіне байланысты өсу
9	Қызмет бірлігіне электр энергиясына арналған шығындар (ең қажеттіліктер)	теңге/Гкал	1 253,8	417	815		электр энергиясының құнын арттыру
10	Қызмет бірлігіне еңбекке төлеу шығындары	мың теңге	0,8	0,3	1,3		жағу ұлғаюуына байланысты өсу
11	Техникалық шығындар	%	3,8	2,26	0	орындалды, шығындар жоқ	-

№ р/р	Тиімділік көрсеткіші	Есептік кезеңнің алдындағы жылдың (жарты жылдықтың) фактісі	Жоспар (2025 жылға)	2025 жыл фактісі	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Өндірістік негізгі құралдардың тозуы	20%	15%	4	орындалды	-
2	Техникалық шығындар	3,8%	2,26%	0	орындалды	шығындар жоқ
3	Апаттылық (өтінім берген жылдың алдындағы жылға)	20%	17%	0	орындалды	апаттар жоқ

Қызметтің даму перспективалары (даму жоспарлары), соның ішінде тарифтердегі ықтимал өзгерістер

Уәкілетті органмен 2030 жылға дейінгі тарифтер бекітілген: 2026 жылға – 5 101,38 тг/Гкал, 2027 жылға – 4 987,40 тг/Гкал, 2028 жылға – 5 251,61 тг/Гкал, 2029 жылға – 5 348,36 тг/Гкал, 2030 жылға – 5 560,69 тг/Гкал.

Сондай-ақ уәкілетті органмен бесжылдық инвестициялық бағдарлама бекітілген, ол ленталы конвейерлерге күрделі жөндеу жүргізу бойынша іс-шараларды орындауды көздейді, жалпы сомасы 448 887,18 мың теңге.

Жылу энергиясымен жабдықтау қызметі

2025 жылғы қорытынды бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат

2021–2025 жылдарға арналған жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі инвестициялық бағдарлама «Қазхром» ТҰК» АҚ үшін ТМРҚД-нің 27.11.2020 ж. №141-НҚ және ҚР ЭМ 23.11.2020 ж. №405 бірлескен бұйрығымен бекітілген.

Аталған бесжылдық инвестициялық бағдарлама «Қазхром» ТҰК» АҚ тарапынан 2021 жылы толық көлемде мерзімінен бұрын орындалған, инвестиция көлемі 500 мың теңгені құрады.

2025 жылғы қорытынды бойынша жылу энергиясымен жабдықтау қызметі бойынша бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының «Жылу энергетикасы туралы» Заңының талаптарына сәйкес, 2025 жылғы 1 шілдеден бастап «Қазхром» ТҰК» АҚ Ақсу қаласының тұтынушыларын жылу энергиясымен жабдықтау қызметін тоқтатты.

«Қазхром» ТҰК» АҚ Ақсу қаласының жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығарылды (04.07.2025 ж. KZ44VFF00005243 куәлігі).

Жылу энергиясымен жабдықтау бойынша тарифтік смета шығындарының баптар бойынша талдауы келесі себептерге байланысты дұрыс емес:

- тарифтік смета жылдық көлемдер мен шығындарды ескере отырып толық жылға бекітілген;
- 2025 жылдың 6 айындағы нақты деректер толық көрсеткіш болып табылмайды және ескерілмеуі мүмкін.

Мұнда тарифтік смета болуы тиіс

2025 жылғы қорытынды бойынша реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау және тиімділік көрсеткіштері туралы ақпарат

«Қазхром» ТҰК» АҚ үшін реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштері және инвестициялық бағдарламаның тиімділік көрсеткіштері ҚР ЭМ 23.11.2020 ж. №405 және ТМРҚД-нің 27.11.2020 ж. №141-НҚ бірлескен бұйрығымен бекітілген инвестициялық бағдарлама құрамында айқындалған.

Бекітілген инвестициялық бағдарлама көрсеткіштері толық орындалды.

Мұнда көрсеткіштері бар нысаны болуы тиіс

Қызметтің даму перспективалары (даму жоспарлары), соның ішінде тарифтердегі ықтимал өзгерістер

Қазақстан Республикасының «Жылу энергетикасы туралы» Заңының талаптарына сәйкес, 2025 жылғы 1 шілдеден бастап жылу энергиясымен жабдықтау қызметін жылу тасымалдаушы субъект – Ақсу қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплосервис – Ақсу» КМК жүзеге асырады.

Реттелетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы ақпарат

Барлық реттелетін қызметтер Жылу станциясы тарапынан уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген сапа талаптарына сәйкес көрсетіледі.

Қызмет сапасы мына факторлар арқылы қамтамасыз етіледі:

1. Нормативтік талаптарды сақтау
2. Сапаны бақылау
3. Инфрақұрылымның сенімділігі және техникалық жай-күйі
4. Персоналдың біліктілігі
5. Тұтынушылармен жұмыс
6. Энергия үнемдеу және ресурстық тиімділік